



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ
САЛАСЫНДАҒЫ

САЯСАТЫ

КІРІСПЕ

Университет климаттың өзгеруінің жаһандық проблемасының өзектілігі мен маңыздылығын мойындайды.

Климаттың өзгеруі бүгінде әлемдік қоғамдастықтың тұрақты дамуына төнетін ең маңызды әрі кешенді қауіптердің бірі ретінде қарастырылады. Оның салдары экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларды қамтып, бұрын бар тәуекелдерді күшейтіп, мемлекеттер мен қоғамдар үшін жаңа сын-қатерлер туындатады. 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде климаттың өзгеруі қазіргі заманның ең ауқымды мәселелерінің бірі ретінде тікелей атап көрсетілген. Оның теріс әсері, соның ішінде экстремалды ауа райы құбылыстарының жиілеуі, табиғи экожүйелердің тозуы, ресурстардың азаюы және әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күшеюі - даму деңгейіне қарамастан барлық елдердің тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу қабілетін едәуір әлсірететіні атап өтіледі.

Осы сын-қатерлердің ауқымы мен маңыздылығын түсіне отырып, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ климаттың өзгеруінің салдарын бәсеңдету және оларға бейімделу саласында инновациялық шешімдерді әзірлеу мен енгізуге бағытталған білім беру, ғылыми зерттеулер және қоғамдық бастамалар аясында лайықты орын алуға ұмтылады. Ерекше назар пәнаралық зерттеулерге, жоғары білікті мамандар даярлауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғи ресурстарды ұтымды әрі тұрақты басқару қағидаттарын дамытуға бағытталады.

Осылайша, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ өзінің қызметін тек білім беру миссиясы ретінде ғана емес, сонымен қатар экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және болашақ ұрпақтың әл-ауқатына бағытталған жаһандық күш-жігерге қосқан үлесі ретінде қарастырады.

САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Қазіргі заманғы экологиялық және климаттық мәселелерді тиімді шешуге арналған тек теориялық білімге ғана ие емес, сонымен қатар практикалық дағдылары бар жаңа буын мамандарын даярлау.

Университеттің барлық ресурстарын ұтымды пайдалану, сонымен қатар көміртегі ізін бақылау және азайтуға арналған тиімді жүйелер мен тәсілдерді әзірлеу және енгізу.

Студенттерді, оқытушыларды және университеттің серіктестерін қоршаған ортаны қорғауға және орнықты даму қағидаларын дамытуға бағытталған әртүрлі бастамалар мен жобаларға белсенді түрде қатыстыру.

Университет қауымдастығында энергияны ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіз технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ УНИВЕРСИТЕТ ӘРЕКЕТТЕРІ

Біз өзімізге стратегиялық мақсат қоямыз - университетті экологиялық тұрақтылық саласында жетекші орынға шығару. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде белсенді түрде жүргізілуде.

Соңғы жылдар ішінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған гранттық қаржыландыруға арналған конкурс нәтижесі бойынша келесі ғылыми жобалар қаржыландырылды:

1. AP25794477 « Климаттың өзгеру жағдайында ауылшаруашылық өндірісінің тұрақтылығын арттыру мақсатында болжамдық модельдерді пайдалана отырып бейімделу стратегияларын әзірлеу және ғылыми тұрғыдан негіздеу».

2. BR24992839 « Қостанай облысының ауылшаруашылық жерлеріне және өнімдеріне экотоксиканттардың және инновациялық агротехнологиялардың әсерін зерттеу»

3. AP19680147 « Қазақстан Республикасының Солтүстік аймағындағы Аманқарағай қарағай орманына өрттердің әсері және орман экожүйесін қалпына келтіру әдістерін талдау»

4. BR21881993 «Солтүстік Қазақстандағы су қорларын оперативті бақылау және гидротехникалық инженерлік құрылыстарға экологиялық бақылау жүйесінің мониторингін құру»

Бұл зерттеу бастамаларын жүзеге асыруға, басым ғылыми және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік берді, сонымен қатар университеттің ғылыми әлеуетін дамытуға және оның зерттеу инфрақұрылымын нығайтуға септігін тигізді.

Студенттердің экологиялық қызметке белсенді қатысуына үлкен мән беріледі. Студенттердің экологиялық қызметке белсенді қатысуына үлкен мән беріледі. Осыған орай жастарда қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынас қалыптастыруға бағыттау мақсатында әртүрлі білім беру іс-шаралары ұйымдастырылады, ғылыми жобалар жүзеге асырылады, еріктілік акциялары мен экологиялық ағартушылық бағдарламалар өткізіледі,

Университет базасында табиғатты қорғау және экологиялық тұрақтылық мәселелеріне қызығушылық танытқан студенттерді біріктіретін «Eco Life» экологиялық клубы жұмыс істейді. Клуб қатысушылары экологиялық акциялар, ақпараттық науқандар, кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырады, олар студенттік ортада және одан тыс жерде экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған. Клуб студенттерге идея алмасу, бастамаларды жүзеге асыру және экологиялық мәселелерді шешуге практикалық түрде қатысу алаңын құрады.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА МИНИМАЛДЫ ӘСЕР ЕТЕТІН ИННОВАЦИЯЛАР

Университет тұрақты даму мәселелерін шешуге, табиғатты қорғауға және адам қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға бағытталған зертханалар мен ғылыми орталықтар құруда. Осындай орталықтардың бірі -LabNetwork кеңсесі. Мұнда түсті металдарды биошаймалау бойынша зерттеулер жүргізіледі, топырақ пен астық сапасы зерттеледі, органикалық қалдықтарды қайта өңдеу технологиялары қарастырылады және басқа да экологиялық әрі инновациялық жобалар жүзеге асырылады.

Оқу үдерісіне табиғатқа келетін зиянды азайтуға көмектесетін жаңа технологиялар мен әдістер енгізілуде. Бұл студенттер мен оқытушылардың экологиялық мәселелер туралы хабардарлығын арттырып, олардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Университет студенттер мен зерттеушілердің халықаралық экологиялық жобаларға қатысуын қолдайды, білім алмасуға және тұрақты даму саласындағы үздік тәжірибелерді енгізуге ықпал етеді. Мәселен, 2025 жылдың желтоқсан айында «Eco Life» студенттік экологиялық клубының жетекшісі белсенді қызметі мен қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі үшін Қостанай облысының «Экология саласындағы үздік волонтері» атанды.

РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ БАСҚАРУ

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ өз нысандарының барлығында ресурстарды ұтымды әрі үнемді пайдалану қағидаттарын белсенді түрде енгізуде. Бұл су үнемдеуді, электр энергиясын тұтынуды қысқартуды және табиғи материалдарды тиімдірек пайдалануды қамтиды. Мұндай шаралар қоршаған ортаға түсетін теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

Қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесі әзірленуде. Ол қалдықтардың көлемін азайтуға, қайта өңделетін материалдардың үлесін арттыруға және бір реттік қолданылатын бұйымдарды пайдалануды барынша қысқартуға бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ ресурстарды, соның ішінде суды және электр энергиясын тұтынуды жүйелі түрде азайтуға, сондай-ақ материалдарды қайта өңдеу және қайта пайдалану тәжірибелерін енгізуге ниетті.

Сонымен қатар, біз студенттер, қызметкерлер және жергілікті қауымдастық өкілдерінің климаттық өзгерістер мен тұрақты даму мәселелері бойынша хабардарлығын арттыруға үлкен мән береміз. Білім беру бағдарламалары мен бастамаларды іске асыру экологиялық жауапты және саналы мінез-құлқы қалыптастыруға ықпал етеді.